

18.03.2020ж

Тапсырма

Сөйлемдерді түсініп оқы. Асты сызылған сөздердің қатесін тап. Сөйлемдерді қатесіз көшіріп жаз.

1. Биыл екінші сыныпты *беске* бітіріп, жазғы демалысқа шықтым.

2. Абай жас кезінде *молдаза* оқыды.

3. Күзде орманның ағаштарының жапырақтарының түсі сарғаяды.

4. Ұзақ сапардан шаршап келді Ер Төстік.

Дескриптор

Білім алушы

- жіберілген қателерді анықтайды;
- сөйлемдерді қатесіз көшіреді;
- каллиграфиялық нормаларды сақтап жазады.

Тапсырма

Мәтінді мұқият тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

19.03.2020ж

Балаларын шомылдырған аю

Күн өте ыстық еді. Аңшы орман ішіндегі өзен бойын жағалап келе жатқан. Бір кезде ағаш арасынан екі қонжығы бар үлкен қоңыр аю шыға келді.

Аңшы қорқып, ағаштың басына шығып кетті. Аю өзеннің жағасына келіп, қонжықтарының біреуін желкесінен тістеді де, суға сүңгітіп алды. Қонжық аяқтарын тырбаңдатып жұлқынды, барылдап бақырды. Бірақ енесі оған қарамастан, қонжығын тағы бір-екі рет суға сүңгітіп алды.

Мұны көрген екінші қонжық орманға қарай қаша жөнелді. Енесі оны қуып жетіп, қарсыласқанына қарамастан суға сүңгітіп алды.

Салқын суға шомылып шыққан аюдың балалары сергіп қалды. Олар қатты-қатты сілкініп, енелерімен бірге орманға қайта кіріп кетті.

Аңшы ағаштан түсіп, балаларын тәрбиелеп жүрген аюға қызыға қарады.

- Аңшы неліктен ағаштың басына шығып кетті?
- Аю балаларын қалай шомылдырды?
- Суға шомылдырған кезде қонжықтар қандай әрекеттер жасады? Сәйкестендір.

Қонжықтар

Орманға қарай қаша жөнелді.

Ағаштың басына шығып кетті.

Аяқтарын тырбаңдатып, жұлқынды.

Жүтіріп келіп, суға сүңгіп кетті.

Дескриптор

Білім алушы

- мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;
- кейіпкерлердің жасаған іс әрекеттерін анықтайды.

20.03.2020ж

Тапсырма

Мәтінді мұқият тыңда.

Бөдене

Қыс. Күн суық. Інім екеуіміз жол жағалап келеміз. Кенет шиқ-шиқ еткен дыбыс естілді. Біз дыбыс шыққан жерге жақындадық. Бұл қанатымен қар сабалаған бөдене екен. Мен оны аяп кеттім. Қойныма тығып, үйге әкелдім. Оң қанаты сыныпты. Оны таңып қойдық. Бөдене күннен-күнге жазыла бастады.

Көктемге дейін үйде асырадық. Терезеден сыртқа қыт-қыттап қарай береді. Күн әбден жылынған соң, оны ұшырып жібердік. Бөдене қуанып, бізге алғыс айтып бара жатқандай болды.

Інім екеуіміз қол бұлғадық.

- Суретті жоспарға сүйеніп, мәтіннің мазмұнын айт.



1



2



3

Дескриптор

Білім алушы

- суретті жоспар бойынша оқиғаның бірізділігін сақтай отырып, мазмұнын жүйелі баяндайды;
- сөздерді мағынасына сәйкес қолданады;
- сөйлеу барысында грамматикалық нормаларды сақтайды.

Тапсырмалардың жауабын aaaidanaaa@bk.ru
почтасына жібересіздер!
Сәттілік!!!